

ҒЫЛЫМ



SCOPUS ДЕРЕКҚОРЫ

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын шетелдік басылымдарда жариялау қаншалықты тиімді?

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №18 (6580) 25 ақпан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Халықаралық ынтымақтастық:

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯ



Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары және халықаралық ынтымақтастықты дамыту аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Шэньжень мэрі Цинь Вэйчжунмен кездесу өткізді.

Келіссөз барысында тараптар сауданы дамыту, цифрлық технологиялар және инвестициялар тарту мәселелерін талқылады. Цифрлық трансформация саласында тәжірибе алмасуға ерекше назар аударылды. Шаһар басшысына Shenzhen Urban Transportation Planning Center Co., Ltd. (SUTPC) таныстырылды, ол

стратегиялық және жан-жақты қала құрылысы қызметтерін ұсынады. SUTPC цифрлық қалалық егіздерді, көлік жүйелерін басқаруға арналған бұлттық платформаларды әзірлейді және енгізеді. Қала ағындарын оңтайландыру, кептелістерді азайту және жол қауіпсіздігін жақсарту үшін нейрондық желі мен Big Data пайдаланылады.

САРАПШЫ АЛАҢЫ

Орта Шығыс:

АЙМАҚТЫ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР



Сирияда Башар Асад режимі құлатылған тұста аймақта үлкен ойындар жаңа сценарийде өрбіп жатқаны түсінікті болды. Бір қарасақ, аймақтағы жағдайдың сұлбасы күңгірттеніп, енді не болады деген сұрақ тұрды. Осыған байланысты әл-Фараби университеті Шығыстану факультетінің аға оқытушысы, шығыстанушы маман Нұрат Ілияспен тақырыпты талқылаған едік. Осы әңгіме болған уақытта Мюнхен конференциясы өтпеген, АҚШ пен Еуропа арасының ажырағаны әлі беймәлім шақ-тұғын. Әрі АҚШ-Ресей арасында келіссөздің де жылты көрінбеген кез. Аймақтағы және әлемдегі болуы мүмкін ықтимал өзгерістерді оқырманға құлаққағыс ету мақсатында осы сұхбатты ұсынғалы отырмыз.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

25.02.2025

Түнде: 0,+2 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +13+15 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

26.02.2025

Түнде: 0,+2 °C Бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +6+8 °C Бұлтты, жауын-шашын, кей уақытта қатты (жаңбыр, қар), көктайғақ. Кешкі уақытта тұман.

27.02.2025

Түнде: -1-3 °C Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз: +9+11 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



Коллажды жасаған Нұрбосан ӨРІСҰЛЫ.

Германиядағы парламент сайлауы:



(Дереккөз: Reuters.com).

Газетіміздің өткен нөмірлерінің бірінде біз Германиядағы парламент сайлауы жайлы жазып едік. Онда Фридрих Мерц бастаған ГХДО партиясының жеңіске жету мүмкіндігі жоғары екенін болжадық. 23 ақпанда кезектен тыс сайлауда ГХДО жеңіске жетті. Ф.Мерц кезекті канцлер атануы мүмкін. Алайда, партия айқын басымдықпен жеңіске жетпеді. Саяси және экономикалық, миграциялық дағдарыс Ф. Мерцті өзге партиялармен коалиция құруға мәжбүрлеуі мүмкін. Қала берді, халықаралық жағдай да мәз емес. Осы және өзге де факторлар алдағы 4 жылда оның бас ауруы болуы мүмкін.

Үштік коалиция елді дағдарыстан шығара алмады

Германияда кезектен тыс сайлауда «Германияның христиан демократиялық одағы» партиясы партиясы жеңіске жетті. Алдын ала сайлау нәтижесі бойынша оппозициялық партия 28,5% дауыс жинаған. Партияның көшбасшысы Ф.Мерц канцлер атануы мүмкін. Осылайша ГХДО билікке қайта келді. Бұған дейін 16 жыл партияны Ангела Меркель басқарған уақытта Германияда оған тең келетін саяси күш жоқ болатын. Алайда, билікте ұзақ болу және саяси бәсекенің болмауы елді дағдарысқа ұшыратады. 2021 жылы парламент сайлауында ГХДО жеңіліске ұшырап үштік одақ деп аталатын

ГХДО ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Билікке қайта келген партия елге қандай өзгеріс әкелмек?

коалиция жеңіске жетті. Үкіметті сәл ғана басымдыққа ие ГСДП партиясының көшбасшысы О.Шольц басқарды.

Дегенмен, О.Шольц Германияны дағдарыстан шығара алмады. Коронавирус пандемиясынан кейін ел экономикасы жүйелі дағдарысқа ұшыраған болатын. 2023 және 2024 жылдары экономикалық өсім өте төмен деңгейді көрсетті. Мұның бәрі елдегі саяси дағдарыстың әсерінен. Коалициялық парламент пен үкімет арасында түсініспеушілік бар екені біраз уақыт көзге көрінбеді. Бірақ 2024 жылдың соңына қарай коалициялық билікте саяси дағдарыс орын алды. Социал-демократтар, «Жасылдар» және «Еркін демократтар» арасындағы саяси әріптестік аяқталды. Парламент канцлер О.Шольцке сенімсіздік танытты. Бұл 2025 жылы 23 ақпанда кезектен тыс парламенттік сайлау өткізуге түрткі болды.

Жексенбіде өткен сайлаудың алдын ала қорытындысы бойынша социал-демократтар – 16,5%, «Жасылдар» – 11,8% және «Еркін демократтар» – 5%-ды еңсерді. Социал-демократтардың көшбасшысы О.Шольц жеңілегенін мойындады.

Сонымен, ГХДО жеңіске жетті. Бірақ айқын басымдықпен жеңе алмады. Себебі, екінші орындағы «Германияға балама» партиясы 20%-дан астам дауыс жинады. Сайлауға қатысу көрсеткіші 83% болғанын ескерсек, бұл өте жоғары көрсеткіш. Сондықтан алдағы 4 жыл Ф.Мерц пен ГХДО партиясына жеңіл болмайды.

Берлин мен Брюссель арасына сызат түсуі мүмкін

Постковидтік кезең Германия үшін жеңіл болмады. Ең алдымен, саяси дағдарыс орын алды. А.Меркельдің билігі әлсіреп, ол бастаған ГХДО парламенттік сайлауда жеңілді. Билікке келген үштік коалиция да елді дағдарыстан шығара алмады. Саяси дағдарыс коалиция ішіне де жетті.

Ішкі саяси дағдарыс өзге де салаларға әсер етті. Экономика әлсіреп, Германияның бұрынғы күш-қуаты жоғала бастады. Көлік өндірісі саласында ел бүгінде көшбасшылар қатарында емес. «Неміс машинасы» атағы тарих қойнауында қалды. Тек Германия ғана емес, тұтас Еуропа елдері Қытайдың электрөкілік өндірісіне төтеп берер

емес. Арзан әрі сапалы қытайлық электрөкіліктер ЕО және әлем нарығын жаулап алуда. Нарықтың заңы солай Тұтынушыны сапа мен баға қызықтырады. Вашингтон тізгінін ұстаған Д.Трамп Қытайға қарсы сауда соғысының екінші кезеңін бастады. Ал Еуроодақ елдерінің Қытайдың экономикалық күш-қуатына қарсы тұратындай қауқары жоқ. Германияның да әлеуеті өте төмен.

Енді дамып келе жатқан жасанды интеллект нарығында да Германия АҚШ пен Қытайға жете алмайды. Оны дамыту үшін энергия көзі қажет. Қауіпті болса да АЭС ең көп энергия береді. Ал Германия 2024 жылы АЭС-тен толық бас тартты. Мұндай шешімді үштік коалиция қалыптастырған билік қабылдады.

Сондай-ақ, миграциялық дағдарыс Германияны іштей әлсіретуде. ГХДО көшбасшысы осы дағдарысты сайлауалды кампанияда ұтымды пайдаланды. Елге сырттан келген мигранттарға қарсы мәлімделер жасап, миграциялық заңнаманы қатаңдатуға уәде берді. Қарап тұрсақ, Д.Трампың саяси риторикасына ұқсайды.

Жоғарыда аталғанның бәрі ішкі теріс факторлар. Ф.Мерц алдағы 4 жыл бұл факторлармен жұмыс істеуге мәжбүр. Бұдан басқа сыртқы саяси тәуекелдер де бар: біріншісі Д.Трамп басқаратын АҚШ болса, екіншісі Еуроодақпен еуропалық қауіпсіздік мәселелері.

Д.Трампың сыртқы саяси мәлімдемелері мен қабылдап жатқан шешімдері халықаралық қатынастарға әсер етуде. Мұхиттың арғы жағынан келіп жатқан саяси қысым ЕО-ға да жетті. Жақында өткен Мюнхен конференциясындағы АҚШ-тың вице-президенті Д.Венстің мәлімдемелері Вашингтон мен Брюссель арасын алшақтатып жіберді. Қауіпсіздік мәселесінде көзқарастары екі бөлек екенін көрсетті. Бұған дейін Парижде өткен ЖИ жиынында да Вашингтон мен Брюссельдің көзқарастары әртүрлі екені байқалды. Германия Еуроодақтың ірі саяси күші екенін ескерсек АҚШ-тың саясаты оған да әсер ететінін болжауға болады. Трамп факторы Берлин мен Брюссель арасына сызат түсіруі немесе Еуроодақтың оқшаулануына түрткі болуы мүмкін.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ҒЫЛЫМ

SCORUS ДЕРЕКҚОРЫ

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын шетелдік басылымдарда жариялау қаншалықты тиімді?

Еліміз 2010 жылы Болон процесіне ресми түрде қосылғаннан кейін, 2011–2012 академиялық оқу жылдарынан бастап, PhD дәрежесі және ғылыми атақтарды үлестіру үшін әрбір зерттеушіден Scopus сынды ғылыми базаларда индекстелетін журналдарда мақала жариялау міндеттелді. Сәйкесінше, ғылыми зерттеулер нәтижесі мен ғалымның әлеуетін анықтауда цифрлық көрсеткіштерді назарға алып, ғалымның еңбегін зерттеу мақалалары алған сілтеме санымен анықтайтын болдық. Мақаламызда, отандық ғылымның даму жолында, зерттеу жұмыстары нәтижесін шетелдік басылымдарға жариялау арқылы ғана сапасын анықтаудың қаншалықты тиімді екендігін талдап көрейік.

- 2024 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, былтыр 101 жоғары оқу орны 7428 ғылыми мақала жариялаған.
- Елімізде, ғылыми атақтар беру үшін SCOPUS базасына енетін журналдарда мақала жариялау міндеттелген.
- Қазақстан Scopus базасында жарияланған мақалалар саны бойынша Орталық Азияда көшбасшы.

Деректер базасында бес мыңнан аса ғылыми басылым бар

Бүгінгі таңда Scopus ғылыми деректік базасында жалпы саны бес мыңнан аса ғылыми басылымдар бірнеше ғылым салалары бойынша тіркелген. Соңғы жылдары отандық ғылыми зерттеу орталықтарының ғылыми басылымдары да аталмыш ғылыми деректер базасында көрініс табуда. Бұл отандық ғылымның қалыптасқан әлеуетін көрсетеді. Алайда, аталмыш журналдардың басым бөлігі жаратылыстану, нақты ғылымдар саласында. Сондықтан жыл са-



(Дереккөз: www.science.org)

йын мыңдаған зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар форматында шетелдік журналдарға жіберіліп, аз бөлігі ғана жарияланады. Әрине, отандық зерттеушілер үшін мақалаларының шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланғаны қуантарлық жаңалық. Біріншіден, отандық зерттеушілердің жаһандық ғылым алаңында мойындалуын көрсетеді. Екіншіден, отандық жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының арнайы рейтингтері де осы жарияланымдар арқылы анықталады. Мысалы, 2024 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметі бойынша 101 жоғары оқу орны 7428 ғылыми мақала жариялаған, оның 5344-і «Scopus» дерекқорындағы журналдарда, ал 2367-сі «Web of Science»-те индекстелген басылымдарда жарық көрген.

Сұраныс жоғары болған жерде қаржылық мүддесін көздеген топтар қалыптасады

Алайда, соңғы он бес жыл көлемінде отандық ғалымдар арасында кеңінен талқыланып, жүзеге асып келе жатқан жобаның кемшіліктері де жеткілікті.

Біріншіден, кейбір гуманитарлық зерттеу салалары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелері елімізден тыс аймақтарда аса үлкен маңызға ие емес. Сондықтан бірқатар зерттеу бағыты жергілікті аймақты қамтитын зерттеу салалары қажетті журнал таба алмай докторлық диссертациясын тиісті уақытта қорғай алмайды. Бұл мәселе әдетте осы салада Scopus базасына енетін отандық ғылыми журналдардың саны артқанда шешіледі.

- Болашақта отандық ғылыми-зерттеу орталықтары тек шетелге мақала жариялайтын ғана емес, сонымен қатар шетелдік зерттеу мақалалар қабылдап жариялайтын болуы қажет.

Екіншіден, нарық заңына сәйкес сұраныс жоғары болған жерде кейбір қаржылық мүддені көздеген топтардың қалыптасуы да заңды. Соңғы жылдары отандық зерттеушілер сондай топтардың қармақтарына жиі түсуде. Себебі, бүгінде әлемдік тәжірибеде ғалымның әлеуетін мақала саны, сілтемелер жиілігімен есептеу үрдісі қалыптасқан. Сәйкесінше, сапаға қарағанда санға көп келіп бөлетін оқымыстылар тобы да қалыптасты. Кейбір зерттеушілер «Scopus» тізіміндегі журналдарға шығу үшін сапалы зерттеу жасаудың орнына кез келген жолмен мақалаларын жариялауға асығады.

Яғни жалған журналдар мен сапасыз мақалалар көбейеді. «Retraction Watch» дерекқоры «Scopus» тізіміне еніп, бірақ талаптарды сақтамай, коммерциялық бағытты мақсат тұтқан біршама журналды әшкерелеп, лицензиясынан айырды. Жалпы, дерекқор тізімі жыл сайын жаңарып, сенімсіз ғылыми басылымдар тізімнен алынып, жаңарып, толығып отырады. Жалған ғылыми зерттеулер жариялайтын «Predatory Journals List» сайтының дерегінше, бұл тізімде көшті Үндістан, Нигерия, Пәкістан мемлекеттері бастап тұр. Жаһанданған әлемде, әрбір елдің ғылыми әлеуеті технологиялық жетістіктерінен бөлек, ғалымдарының сапалы зерттеулерімен де анықталып отыр. Ғылымның дамуын жекелеген елге бөлмей, адамзатқа ортақ қазына деп түсінетін халқымыз үшін ғалымдарымыздың еңбектерін арнаулы сандар арқылы емес, еліміздің әлеуетін арттыруда ықпал ететін сапасына көбірек назар аударған жөн.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Тұран» университеті.





САРАПШЫ АЛАҢЫ

ОРТА ШЫҒЫС: АЙМАҚТЫ ҮЛКЕН ӨЗГЕРІС КҮТІП ТҰР

(Басы 1-бетте)

Тапсырыс берушілер – Еуропа мен АҚШ

– Әуелгі әңгімемізді Сириядағы өзгерістен бастасақ, Хаят-Тахири әс-Шам (ХТШ) билікке қалай келіп қалды?

– Бұл өзі бұрынғы ИГИЛ-ден трансформацияланған күштер десек болады. ИГИЛ болса 2003 жылы қирап қалған Ирак әскерінен құралды. Жалақысыз қалған әскер кімге болса да жалдануға дайын түр еді. Олардың Сирияда билікке келуінде Батыс технологтарының да, Түркияның да өз рөлі бар. Былайша ХТШ орындаушы болса, ал Түркия қолдаушысы дегендей. Тапсырыс беруші Еуропа мен АҚШ болды, АҚШ сол кездері мүмкіндік болса бұл күшті, яғни ИГИЛ-ді Кавказға қарай жіберуді көздеп еді, мұны сезген Ресей Асадпен келісіп, ИГИЛ-ді әуеден бомбалап тастады. АҚШ бір жағынан Кавказды жандырса, екінші жағынан Сириядан өзіне тиімсіз газ құбырын өткенін қаламады. Еуропа мен АҚШ көзқарастары осы жерде айырылды. От бәрібір тұтанды, бірақ ошағы Украинада болды. Өзі де арандатуға дайын тұрған еді. Ал Сирияның бүлінуіне барлық факторлар қолданылды, соның ішінде діни фактор негіз болды. Жанжал әуелде қалай басталды дегенде, Сирия Республикасындағы сунниттік көпшілік топты азшылық алавиілер басқарып отыр деген «фитнадан» өрбітті. Нәтижесінде 14 жылға созылған конфликт Башар Асадты кетірумен тынды.

– Батыс пен Түркияға бұл не үшін керек болды? Сол кездегі жанжалға Иран мен Ресей не үшін араласты?

– Түркияға да, Батысқа да Сириядан өтетін энергетика дәлізі керек. Яғни Таяу-Шығыстың газ құбыры Сирия арқылы Еуропаға дейін өтуі тиіс еді. Еуропаға тікелей тартылатын газ құбырының өтуіне Иран мен Ресей қарсы болды. Сол үшін кезінде Сирияны ұстап тұруға күш салды. Білесіздер, 2015 жылы Башар Асад елдің әуе кеңістігін қорғауға Ресейді шақырды, ал құрлықта Иран жүрді дегендей. Күні кешеге дейін сол елдің әуе кеңістігін Ресей жауып тұрды, ондағы күштерін алып кеткеннен кейін мүмкіндігі әлсіреді, соңында тастап шықты.

– Расымен де, бұл Ресей мен Иранның әлсіреуінен кейінгі нәтиже ме?

– Иә, осыны талдап көрейікші. 2023 жылдың 7 қазанында басталған жағдайды білесіздер. Израиль «ХАМАС пен Хезболла маған шабуыл жасап жатыр» деп, екеуіне қарсы күйрете соққы берді. Бұл жойқын соққылар болды, израильдік F-35 ұшақтарына ешкімнің шамасы келмей қалды. Осы кезде «ХАМАС» пен «Хезболланың» қолдаушысы болған Иранның еш көмек болған жоқ. Осы жағдайдан кейін Иран жерде әлсіреді, Ресей әуеде әлсіреді. Мәселе, Мәскеу Сирияны тастап кетсе де, қазіргі жағдайда да әр тараптың мүддесі бар. Ресей үшін Латакия аймағында өздерінің әскери порттарының тұруы керек, ол әлі де тұр. Желтоқсанның 5-6-сында Дохда келісті, ресейлік база қазірше сақталып тұратын болды. Оның алда не болатыны белгісіз.

Әр тараптың өз көздегені бар

– Осы жайға кеңірек тоқталсаңыз, Сирияда мүдделі тараптар нақты нені көздейді?

– Бұл арада, расында, әр тараптың өз көздегені бар. Ашығын айтсақ, Израиль қазірдің өзінде Голан жоталарын алды, оның көздегені – болашақта тіпті Сирияны мемлекет ретінде жойып жіберу. Ондай мақсат қайдан шықты десеңіз, өздерінің қасиетті кітаптарында «Уәде етілген жер» деген сенімдері бар. Яғни Эфрат пен Тигр өзендерінің арасындағы қазіргі Сирия жерін өздерінің байырғы атамекені санайды. Енді былай қарасақ, ол аумақта еврейлердің 3 мың жыл тұрғаны рас. Ол енді басқа әңгіме, қысқаша айтқанда, Израильдің көздегені осы.

Түркия мүддесіне келсек, өткенде Ердоған айтты ғой, «Сирияның біртұтастығын қалаймын» деп. Ондағысы, ХТШ басқаруында Сирия біртұтас болып тұрсын, ондағы күрдтер автономия болмасын, Орта-Шығыс газы Си-



рия арқылы өтсін дегені. Аймақта Түркия үшін ең бірінші қауіп – күрдтер. Ирактың солтүстігінде, Сирияның шығысында, Иранның солтүстік-батысындағы күрдтерді қосқанда 25 миллиондай болса, бір ғана Түркияның оңтүстік-шығысында 25 миллиондай күрд бар. Жалпы, аймақта 55 миллиондай. Осы күрдтердің ПКС секілді күштерімен Түркия 1984 жылдан бері күресіп келеді. Естеріңізде болса, 2017 жылы 25 қыркүйекте Ирактағы Күрд автономиясы референдум өткізіп, басым көп дауыс тәуелсіздікті жақтады. Бірақ белгілі себептермен тәуелсіздігін жарияламай тоқтап тұр, уақытын күтіп отыр деуге болады. Осымен бірге Сириядағы күрдтер де өз аумағын өзі бақылап келеді. Енді кеп жатқан билікке федерация жасап, күрд аумағын бөлек автономия етейік, басқалай ешқандай күшке бағынбаймыз деген талабын қойып отыр. Ал Түркия өз ықпалындағы ХТШ-мен Сириядағы күрдтерге соққы беруге ниетті, алайда оған АҚШ жол бермей отырған сыңайлы. Өйткені себебі, Орта-Шығыстың газ құбыры Еуропаға қарай өтуін АҚШ та қаламайды. Арзан газ тікелей жетсе, бұл ЕО сынды үлкен нарықты жоғалтумен бірдей. АҚШ тек қана бір жағдайда ғана сол жерден газ құбыры өткенін қалайды. Ол да газ бағасын өзі реттеп, АҚШ фирмалары өндіріп, бақылауды солар ұстаса ғана. Сонда Еуропаны, энергетика қауіпсіздігін қолында ұстап қала береді. Сол үшін аймақта күрд және басқа мәселелермен тұрақсыздық жалғасып тұрғанына белгілі деңгейде мүдделі деуге келеді.

АҚШ пен Еуропаның мүддесі осы жерден де анық көрінеді. ХТШ билікке келе салысымен ЕО елдерінің сыртқы істер министрлерінің жетіп баруы олардың Сириядағы тұрақтылыққа мүдделілігін көрсетеді. Тұрақтылық болса болды, олардың кім екеніне де, ондағы адам құқығына, тағы басқа құндылықтарға да көз жұма салады. Егер Сириядан тұрақтылыққа ие болса ЕО тарабы газ құбырын 6 ай немесе 1 жылда оп-оңай-ақ салып шыға алар еді. Қазір Еуропа бүкіл энергия көздерін Америкадан алып келіп отыр, яғни Газпромның 600 миллиард еуроға алып отырған газын, ана жақтан 1 трлн шамадағы құнға алып отыр.

Әлемдегі ең негізгі күш орталықтары

– Демек, аймақта баянды тыныштық орнай қоюы қиын дейсіз бе?

– Әуелі мынадан бастайық, әлемде 4 негізгі күш орталығы бар. Біріншісі – Вашингтон мен Лондон, яғни англосактық күш орталығы. Ал екіншісі – өзінің экономикасы, интеллектуалды потенциалы да жоғары Еуроодақ. Бұл алдыңғысымен одақтас болғанымен, үлкен конфронтацияда тұр. Оны Еуроодақ де-

генімізбен, негізінде IV рейх – яғни «Неміс империясы» десек болады. Себебі, «орталық ми» Берлинде, Франция шығып сөйлейді, сыртқы істер министрлік рөлін атқарады, бірақ Германия істейді дегендей. Қалай десеңіз, Франция Қауіпсіздік кеңеске мүше және ядролық держава. Германияда бұл жағында Екінші дүниежүзілік соғыста енгізіп тастаған шектеулері бар.

Соңғы үрдіске қарасаңыз, Берлин мен Мәскеу бір-бірін жақсы түсінген және бір-бірімен жақындасып келе жатқан. Тарихи-мәдени жақындығы да терең еді, білесіздер. Романовтар әулетіне дейін бәрі немістер болды дегендей. Бұл жағынан да, мүдде тұрғысынан да бір-біріне жақындады. Еуроодаққа энергетика, өзге де шикізат керек, бұны Ресей арқылы толықтап отырғысы келді. Ал Ресей өзіне керек технологияны, мәдени-гуманитарлық алмасуды Еуропадан, Германиядан қабылдап отырғысы келді. Германияның Ресейге жақындауына ЕО ішінде Польшадан басқа ешкім қарсы емес. Польшаның жағдайы түсінікті, патшалық Ресей ыдырағанда Финляндия екеуі шығып кеткен, тәуелділікті қайта қаламайды.

Енді осы арада объективті қарастырсақ, бұл жақындасуды болдырмай тастаған Америка, ешкімге қажет болмай бара жатқан НАТО-ны қайта күшейтіп, Ресейді құбыжық көрсете отырып, Еуропаны өзіне қарай тартып алды. Бір кездері, естеріңізде болса, Еуропаның өз әскері болады деген сөздер болған, қазір соның бәрі тынды.

Міне қарасаңыз, бірінші күш орталығы – англосакс, Вашингтон мен Лондон, екіншісі – Берлин дедік. Ал үшіншісі – Мәскеу. Еуразиялық экономикалық одақ арқылы бізді өзіне қарай тартып отыр. Төртіншісі болса – жаңадан көтеріліп келе жатқан, экономикасы мықты, бірақ әлемдік ықпал етуде тәжірибесі аз Бейжің. Дәл осы төрт негізгі күш орталығы әлемдегі үрдіске ықпал етіп отыр. Кез келген ірі өзгерістер олардың мақұлдауынсыз жүзеге асып жатқан жоқ. «Тұран одағы» деген мәселе де соның ішінде. Тіпті, осындай ауқымды үрдістердің артында да солардың бірі тұруы мүмкін. АҚШ пен Түркия Таяу-Шығыстағы кейбір мәселелде бір-бірімен келіспесе де, «Тұран» идеясы арқылы Түркияның Орталық Азияға жақындауына келгенде қарсы емес.

– Мұндай болғанда Иран жағдайы қалай болуы мүмкін?

– Израиль өз үйінің жанында Иранның ықпалындағы күш болуын қаламайды. Осыған дейінгі бір сұхбатымызда Иран мен Израиль бетпе-бет соғысуы екіталай деген көзқарас айтып едім. Соңғы үрдістен қарағанда Иранға бағытталған ауқымды соққының болуы мүмкін деуге болады. Яғни АҚШ Израиль арқылы Иранды тікелей соғуы мүмкін. Иранның бұған қарсы шамасы жоқ, санкциядан әбден титық-

таған. Егер қазіргі билігі құласа, Иран үшке бөлшектеніп кетуі ғажап емес. Мұндағы мақсат – аймақтағы үлкен кедергіні алып тастау және Ресейдің тағы бір жолын жабу. Білесіздер, Иран мен Ресей ортасында «Оңтүстік-Солтүстік экономикалық дәлізі» деген жобалар айтылып келеді. Иран бүлінсе, тиісінше экономикалық дәліз де іске аспайды. Бұл Ресейдің Парсы шығанағына шығатын жолы жабылды және оқшауланып қалды деген сөз. Одан кейінгі бағыты Қытай болмақ.

Әлем үлкен хаустың ішіне кіріп барады

– Қытай да көтеріліп келе жатқан күш орталығы дедіңіз, бұл жағдайға қарсы не істеп жатыр?

– Қытай қазірше өнімді ештеңе істей алып отырған жоқ. Саудасының 70 пайызы Малакка бұғазы арқылы өтіп, Суэц каналына барады. Оңтүстік Қытай теңізі немесе Малакка бұғазына баратын теңізден АҚШ-тың бір-екі авианавесі шықса ол да жабылады дегендей. Бұл бағыттардан сауда жолы жабылатын болса 6 айда-ақ Қытайдың жағдайы қиын болады. Сондықтан Қытайдың бір ғана үміті – Орталық Азия мен Ресей секілді НАТО әскері жоқ аумақта экономикалық дәліздерді дамыту. Кейін теңіз жолдары жабылған жағдайда бірдеңе сатпаған күнде де осы бағыт арқылы мұнай тасуға жол қалдырып отыр. Себебі, өз ішіндегі энергетика қоры жетпейді.

– Енді өз тұрғымыздан қарастырып көрсек, осы ауқымды өзгерістердің біздің ел мен аймаққа ықпалы қандай болмақ?

– Шынтуайтында, әлем үлкен хаустың ішіне кіріп бара жатыр. Трамп билікке келе салып, Гренландияны, Канаданы, Панама каналдарын алам деген сөздерді бекер айтып отырған жоқ. Бұл тұрғыдан қарағанда, үлкен күш орталықтары әлемді қайта бөліске салғысы келетіндей көрініс береді. АҚШ-тың бұл ұстанымына қарсы өзге күш орталықтары да өз ықпалындағы аумақтарға сұғын қадауы мүмкін ғой, сен алғанда біз неге алмаймыз дегендей. Бірақ бұның екінші жағы да болуы мүмкін. Яғни Трамп осы мәлімдемелері арқылы басқа күш орталықтарының шама-шарқын сынап отыруы да ғажап емес. Былайша айтқанда, Гренландиядан да, Панама каналынан да соңында бас тартып, өзге күш орталықтары да сондай жасауға итермелерісі келеді. Бұл енді менің үмітім десе де болады, болуы да мүмкін. Біз жеке тұрғыдан бұл үлкен күш орталықтарымен бетпе-бет келе алмаймыз, осы қалпымызды сақтауға тырысамыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Естай БОЖАН



КӨШІ-ҚОН

«Қазақтар қай жерде өмір сүрсе де, олардың жалғыз Отаны – Қазақстан. Сондықтан біз үшін шетелде тұратын отандастарымызды қолдау әрқашан маңызды».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«Ата жолы» картасы:

ӘЛЕМДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚТАР

тарихи Отанына оралып, елге қызмет ету мүмкіндігін пайдалана алады

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдың шілдесінен бастап шетелде тұратын этникалық қазақтар үшін елге жеңіл кіру/шығу мәселесі пысықталған «Ата жолы» картасы енгізілгені белгілі.

Этникалық қазақтарға – басқа елдердің азаматтарына Қазақстанда 10 жыл өмір сүруге және жұмыс істеуге құқық беретін 65 «Ата жолы» картасы берілді. Елімізде өз ісін дамытуға дайын бизнес-иммигранттар 27 карта алды, ал сұранысқа ие мамандар осындай 38 картаның иегері атанды.

«Ата жолы» картасын алушылар ішінде инженер-физик, инженер-математик, химиялық технологтар, жақ-бет хирургиясының дәрігерлері, педиатрлар және т.б. мамандар бар, олар Ресей, Германия, Моңғолия, Қытай, Ұлыбритания, АҚШ, Израиль, Франция, Нидерланды, Финляндия, Қырғызстан және Өзбекстан секілді шетелдерден келді.

«Ата жолы» картасын енгізудің мақсаты – тарихи отанымен байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, Қазақстанда олардың әлеуетін іске асыру үшін елге кәсіпқойлар мен табысты бизнесмендерді тарту болып табылады.

Бұл Карта шетелде тұратын этникалық қазақтарға өз шығу елдерінің азаматтығын сақтай отырып беріледі. «Ата жолы»



«Ата жолы» картасының иегерлері және олардың отбасы мүшелері мынадай құқықтарға ие:

- медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық мекемелерде қызмет және әлеуметтік төлемдер алу;

- ҚР Еңбек кодексіне және «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына сәйкес Қазақстан аумағында жұмысқа орналасу;
- ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және өзге де құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;
- «Білім туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін орта білім алу, мемлекеттік орта арнаулы және/немесе жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін орта арнаулы және/немесе жоғары білім алу, жеке оқу орындарында ақылы білім алу;
- «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу;
- азаматтық саласындағы халықаралық шарттарға және ҚР заңнамалық құқықтық актілеріне сәйкес жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу.

«Ата жолы» картасы бар адамдардың ҚР Парламенті мен мәслихаттарына сайлануға, сондай-ақ сайлауда дауыс беруге, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ әрі мемлекеттік қызметке қабылданбайды. Егер «Ата жолы» картасының иесі Қазақстан азаматтығын алатын болса, онда Карта жарамсыз деп танылады.

ҚАНДАС МӘРТЕБЕСІ

тарихи отанына оралған
1070 тұлғаға берілді

ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығы хабарлағандай, жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 149 мыңнан астам этникалық қазақ оралды.

Жыл басынан Қазақстанға Қытайдан – 51,9%, Өзбекстаннан – 37,5%, Түрікменстаннан – 7,1%, Ресейден – 1,8% және басқа да елдерден – 1,7% қандастарымыз келген екен.

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 60,2%-ды, кәмелетке толмағандар 32,9%-ды және зейнеткерлер 6,8%-ды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 16,7%-ы жоғары білімді, 32,9%-ы орта кәсіби білімді, 48,4%-ы жалпы орта білімді, және 1,9%-ының білімі жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды. Сонымен бірге, қандастарды қоныстандыру үшін мынадай еңбек күші тапшы өңірлер анықталды: Ақмола, Абай, Атырау, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Қоныстандыру өңірлерінде 2025 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2309 адамды құрайды. Биылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 171 қандас қоныс аударды.

Жоғарыда аталған өңірлерде қоныстанған қандастарға көшуге субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары



ұсынылады – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (275,2 мың теңге) мөлшерінде; тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге – бір жыл ішінде 15-тен 30 АЕК (59-дан 118 мың теңгеге дейін) мөлшерінде.

Сонымен қатар, ерікті қоныс аударудың тиімділігін арттыру мақсатында азаматтар мен қандастарды еңбек күші тапшы өңірлерге қоныс аударуға қатысатын жұмыс берушілерді қолдау бойынша институционалдық шаралар қабылданды. Тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4,56 млн теңгеге дейінгі мөлшерде біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде енгізілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы:ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНА
ОҢ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

XXI ғасырда адами капитал негізгі ресурсқа айналды. Өткен ғасырда табиғи ресурс экономиканың негізгі қозғаушы күші болса, қазір адам мемлекетті дамыған елдер қатарына қосады. Мұның жарқын мысалы АҚШ. Америкалықтар мұны Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде түсінген. Еуропадан көшіп келген ғалымдар соғысты аяқтауға себепші болды. Осылайша АҚШ өзге елдерден талантты ғалымдар, өнертапқыштар, кәсіпкерлер және өзге де маман иелерін елге алып келу саясатын жүзеге асыра бастады. Мұның нәтижесі бәрімізге белгілі.

Қазақстан да осы бағытта жұмысқа кіріскен. Алайда, ерекшелігі, еңбек миграциясын этникалық сипатта жүзеге асырмақ. 2023 жылы енгізілген «Ата жолы» картасы өзге елдердің азаматы болып табылатын этникалық қазақтарды Қазақстанда өмір сүруге және жұмыс істеуге шақыруда. Жобаның нәтижесі де жоқ емес. Бір жарым жылдың ішінде 65 «Ата жолы» картасы берілген екен. Картаны алушылардың ішінде инженер-физик, инженер-математик, химиялық технологтар, жақ-бет хирургиясының дәрігерлері, педиатрлар және өзге де мамандар бар. Бұл ішкі еңбек нарығында бәсекелестікті арттырып қана қоймай, шетелдегі этникалық қазақтарды қолдайтын жоба. Сондықтан осы қарқынмен кететін болса, оның нәтижесі бұдан да жақсы болуы мүмкін.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
саясаттанушы:БІРТҰТАС ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА
МАҢЫЗЫ ӨТЕ ЖОҒАРЫ

Үкімет қабылдаған «Ата жолы» картасы жобасы – шетелдегі этникалық қазақтарға тарихи отанына оралып, еліміздің дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретін стратегиялық бастама. Бұл карта негізінде шетелдік қазақтар Қазақстанда 10 жылға дейін тұру және жұмыс істеу құқығына ие болуы, олардың атажұртқа оралуына негіз болады.

Бастама біріншіден, ұлттық бірегейлікті нығайтып, этникалық қазақтарды тарихи отанымен қайта байланыстыруға жағдай жасайды. Қазіргідей, күрмеуі қиын геосаяси өзгермелі кезеңде, бұл өте қажетті жоба. Сонымен қатар, елімізге оралған қандастар арасында білікті мамандар мен кәсіпкерлердің болуы, ұзақ мерзімді алғанда әлеуетті экономикалық мүмкіндік қалыптастырады. Бағдарламаның әлеуетін арттыру үшін менің ойымша, адаптация орталықтарын, әлеуетті жастар үшін арнайы стипендиялық бағдарламалар әзірлеу маңызды деп ойлаймын. «Ата жолы» картасын тек миграциялық құрал емес, таланттарды, кәсіпкерлерді және мәдени байланыстарды нығайту жолындағы көпір ретінде дамытсақ, еліміз үшін біртұтас қоғам қалыптастыруда маңызы өте жоғары болмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ЕХӘҚМ Баспасөз орталығы).



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Халықаралық
ынтымақтастық:ЦИФРЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯ
ЖӘНЕ
ИНВЕСТИЦИЯ

(Басы 1-бетте)

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

• Шэньжень – Қытайдың технологиялық көшбасшысы бола отырып, салыстырмалы түрде қысқа мерзімде – 45 жыл ішінде «ақылды қала» тұжырымдамасын дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бүгінгі таңда ол қала әкімшілігінің тиімділігін арттыру үшін үлкен деректерді (Big Data), жасанды интеллект және цифрлық егіздерді қолдану тәжірибесімен бүкіл әлемге танымал.

Кездесу қорытындысы бойынша Ерболат Досаев пен Цинь Вэйчжун цифрландыру, қала құрылысы, жаңа технологиялар мен құзыреттер трансферті саласындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту туралы келісті.

Сапар аясында Ерболат Досаев сондай-ақ көлік инфрақұрылымы саласындағы инновациялармен танысу мақсатында Шэньженде орналасқан BYD компаниясының бас кеңсесіне, өндірістік алаңдарына және R&D-орталығына (ғылыми-зерттеу бөлімшесі) барды. Алматы әкіміне BYD электр автобустары таныстырылды, олардың қауіпсіздігі мен батареяларының сапасы әлемдегі ең қауіпсіз болып саналады.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

• BYD батареялары Данияның қысқы жағдайында сыналды. Сонымен қатар, сәтті өткізу пункцияға тестілеу, 300°C дейін қыздыру және тұтанусыз қайта зарядтау. 2023 жылы BYD Blade батареясы британдық Electrifying.com. ұйымның «Жыл инновациясы» сыйлығын алған.

BYD Group коммерциялық көлік жөніндегі бас директоры Тиен Чунлун Ерболат Досаевпен кездесу барысында хабарлағандай, бүгінгі таңда Astana Motors компаниясымен Алматыдағы коммерциялық техника зауытында BYD электр автобустарын құрастыру өндірісін іске қосу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді, бұл қаланың автомобиль кластерін дамытудағы маңызды қадам болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»,
(Дереккөз: Алматы қаласы
әкімдігінің
баспасөз орталығы).

ТУРИЗМ

АЛМАТЫНЫҢ ІНЖУ-МАРЖАНЫ
«Тұйық су» шатқалында визит-орталық ашылады

Алматы – Қазақстанның туристік орталығына айналуға әлеуеті зор қала. Туризм саласын кешенді дамыту арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етіп, қаланың әлемдік деңгейдегі туристік орталыққа айналуына мүмкіндік жасауға болады.

Алматының інжу-маржанына баланатын «Тұйық су» шатқалында визит-орталық ашылады. Бұл жобаға «Алматы» ӘКК» АҚ еншілес ұйымы – «Almaty Finance» ЖШС «Askar Development» ЖШС-на «Тұйық су» шатқалында заманауи туристік орталықтың құрылысына 380 млн теңге бөліп отыр.

Жобаны қаржыландыру басым бағыттардың бірі ретінде, туризмді қолдау шеңберінде «Almaty Business–2025» кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6% (ЖТСМ), қаржыландыру мерзімі – 5 жылды құрайды.

Визит-орталық қонақүймен, кафемен, дәріханамен, жабдықтарды сатып алуға және жалға алуға арналған дүкенмен, кәдесый дүкенімен және шығармашылық іс-шаралар өткізуге арналған аймақпен жабдықталады. Орталық сонымен қатар, Медеуге және кері бағытта электромобильмен туристерді тасымалдау қызметтерін, квадроциклдер мен велосипедтерді жалға алуды, көршілес топтық экскурсияларды, жеке экскурсияларды, тақырыптық дәрістер мен мастер-класстарды қамтамасыз етеді.

Жобаның негізгі мақсаты – жергілікті экотуризмді дамыту үшін жағдай жасау, халықты жайлы рекреациялық демалыспен қамтамасыз ету, Алматының туристік тартымдылығын арттыру.

Жеңілдікті қаржыландыру аясында «Askar Development» ЖШС бірқатар әлеуметтік міндеттемелерді өз мойнына ала-

ды. Компания кешен аумағында тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді, қалдықтарды басқару жүйесін енгізеді, маршруттарды сипаттайтын интерактивті ақпараттық панельдер орнатады, құтқару қызметтері мен туристерді қолдау орталықтарының контактілері бар қалқандарды орналастырады, шұғыл байланыс аймағын құрады.

Орталықты салу және жайластыру кезінде қарыз алушы экологиялық таза материалдарды пайдаланады, туристерді олардың маршруттарының бағыттарын қадағалау функциясымен тіркеу жүйесін ұйымдастырады, тегін қоғамдық дәретхананы көздейді және тау маршруттарында қауіпсіз жүріс-тұрыс бойынша тұрақты дәрістер мен нұсқамалар жоспарлайды. Кешен аумағында сыйымдылығы 8 адамға дейін құтқару қызметінің қызметкерлеріне арналған екі үйжайды орналастыру мүмкіндігі қосымша қарастырылуда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жұлдыз ИГЕНОВ,
«Almaty Finance» ЖШС Басқарма
төрағасының орынбасары:

Жоба аясында 22 жаңа тұрақты жұмыс
орны құрылады

Алматының туристік тартымдылығын арттырумен қатар, жоба аясында 22 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылады, сондай-ақ жергілікті бюджетке түсетін түсімдер ұлғайтылады. Компанияның жыл сайынғы салық төлемдері 170 млн теңгені құрамақ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



қарбалас уақытта ең тиімді көлік

Алматы сияқты үлкен мегаполисте көлік кептелісі – күнделікті кездесетін мәселе. Ал осы түйткілден құтылудың ең тиімді әрі сенімді жолы – метро.

Қазіргі кезде жерасты көлігі қарбалас уақытта әр 3 минут сайын жүріп, жолаушыларды діттеген жеріне еш кедергісіз жеткізіп жатыр. Қаланың орталық бөлігін қамтитын бұл көлік түрі – уақыт үнемдеудің кепілі десек болғандай. Әсіресе, таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта қала көшелерінде автобустар мен жеке көліктер қозғалысы қиындайды. Жолаушылар уақытының көп бөлігін жолда өткізуге мәжбүр. Ал метромен жүрсеңіз бір сапарға 10–15 минут қана уақыт жұмсайсыз. Бұл – көлікпен жүруге қарағанда әлдеқайда жылдам. Мәселен, Райымбек даңғылы мен Фурманов көшесінің қиылысындағы Райымбек бекетінен Орталық стадионға дейін Сіз метромен 13-ақ минутта жетіп аласыз. Бұл деген қазіргідей уақыт – басты құндылыққа

айналып, әр минутымызды тиімді пайдалануға жұмсайтын кезде жақсы емес пе?!

Сала мамандары жолаушылар аялдамада көп тұрып қалмауы үшін метро желісіне қосымша екі электр пойызы қосылғанын, бұл қарбалас сәттегі күту уақытын 3 минут 6 секундқа дейін қысқартатынын хабарлады. «Енді бір уақытта 13 құрам қозғалыста, бұл жолаушылардың жиналып қалуын болдырмауға және жол жүрудің жайлылығын арттыруға көмектеседі. Метрополитен мамандары жолаушылар легін үнемі бақылап, пойыз қозғалысының кестесіне қажетті жедел өзгеріс енгізіп отырады», делінген хабарламада.

Метроның артықшылығы сол, ең бастысы кептеліске түспей, діттеген

жеріңізге жылдам жетесіз. Қыстың қаңған аязында немесе жаздың аптап ыстығында жайлы температура болады. Басқа көлік түрлерімен салыстырғанда қауіпсіздік деңгейі де жоғары. Экологиялық таза – қоршаған ортаға зиян келтірмейді, ауаға зиянды газ бөлінбейді.

Болашақта қаланың шеткі аудандары да метромен байланысып, жолаушылар үшін одан әрі тиімді бола түссе, нұр үстіне нұр. Өйткені, Сіз метроны пайдалану арқылы тек уақыт қана емес, жүйкеңізді де сақтайсыз. Ендеше, жылдам, қауіпсіз және жайлы көлік түрін таңдаңыз, жеке көліктен бас тартыңыз. Бұл барлығымыз үшін тиімді.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

(Cyper: Metroalmaty.kz алынды).



ТЕАТР

«ОРТЕКЕ»

«Ортеке – қазақ қуыршақ өнерінің бастауы» деген екен белгілі ғалым Ахмет Жұбанов. Ерте заманда дала өнерпаздары ағаштан жонылған ортекені ою-өрнекпен көмкерілген тұғырға орнатып, жіптің бір басын домбыра ұстаған оң қолының саусақтарына байлап қоятын болған. Күйші күйді тарта бастағанда, байланған жіппен бірге қуыршақ та қозғалып, билей бастайды. Бұл көшпенділердің алғашқы мобильді қуыршақ театры деп бағаланған. Мұндай жылжымалы қуыршақ театры «Ортеке» деп аталды. Ертеде балаларға домбыра үйретуде оларды қызықтыру үшін осы «Ортеке» қуыршағы қолданылған.

500
ҚУЫРШАҒЫ БАР

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры цехында 500-ден астам қуыршақ-бейне бар. Театр сахнасында жыл сайын 5 жаңа спектакльдің тұсауы кесіледі. Періштедей таза балдырған жасандылықты қабылдамайды. Сондықтан қуыршақ театрының артистері өзін көрсетуге емес, қуыршаққа жан бітіруге, кейіпкерін ашуға барын салады.



ШЕБЕРДІҢ ЕҢБЕГІ

Шеберлер жасаған қуыршақтар әртүрлі. Бірі шаттанып тұрса, екіншісінің көзінде мұң бар. Үшіншісі бұзықтау, қырсық, ал төртіншісі еркелеу немесе сабырлы, әлде жайдары. Олар актердың қолына тиген соң тіпті түрленіп сала береді. Театр артистері оларға қолмен қимылдасты, дыбыстау арқылы жан бітіреді. Ол да – үлкен өнер. Яғни шеберлердің жұмысында көркемдік пен техника ерекше үйлесім табуы шарт.

Болат АМАНҚҰЛ:

«ҚУЫРШАҚ ОЙЫНШЫҚ ҚАНА ЕМЕС,

ол – бала жүрегіне апарар жол, өнер һәм тәрбие құралы»

Еліміздегі ең алғашқы қуыршақ театры – Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының даңқы бүгінде қаладан шығып, республика асып, шетелдерде де естіле бастады. Осындай айтулы жетістіктерге жету жолында актер, режиссерлерден бөлек, қуыршақтарды жасайтын шеберлердің де еңбегі жатыр. Олар бізге көрінбейді, себебі сахна сыртында жүреді. Біз бүгін Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының қуыршақ жасау шебері Болат АМАНҚҰЛ туралы айтатын боламыз.

Нұржамал
ӘЛІШ

Ермексазdan басталған өнер

Оның негізгі мамандығы – суретші. Бұған дейін істеген шығармашылық мекемесінде қысқартуға ұшырап, жұмыс іздеуге тура келгені бар. Содан жарнамадан театрға суретші керек дегенді оқып, Алматыдағы «Зазеркалье» театрына барды. Қуыршақтарды алғаш рет сол жерден көрді. Өзінің мамандығы да бұл саладан соншалықты алыс, бөтен емес, сондықтан қуыршақтар табиғатына үңіліп, дендей еніп, өзі де жасай бастады. Сол жерден жинаған мол тәжірибесімен нағыз қуыршақтар театрының, яғни Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының талбалдырығынан сенімді аттады. Содан бері он екі жылдан асыпты. Ешқайда кеткісі жоқ.

■ «Бала күнінде ермексазdan түрлі бейнелер жасап ойнаушы едім. Өрт сөндірушіні, полицейді, ұшқышты жиі жасайтынмын. Басы мен көзін, ауыз-мұрнына дейін айнытпай жасауға, дәлдікке мән беретін едім. Қазір қуыршақ жасап отырып, сол бала шағым жиі еске оралатыны да бар. Енді, міне, кішкентай көрермендер мен ата-аналарына өнерден алқа тағып жүрмін», – дейді қуыршақ жасау шебері.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бұрынғылар бүгінгідей түрлі қызылды-жасылды әшекей бұйымдар болмаған заманда қуыршақты қолдан да тігіп, ішін шөппен, матамен толтырып, көзін жіптен тігіп, ағаштан да жонып жасап, баласын қуантуға, ойнатуға, ой-өрісін дамытуға ұмтылған. Ал бүгінде қуыршақтың түр-түрі бар, бәрі қолжетімді.

Шеберлер үндестігі

Қуыршақ жасау шебері әуелі спектакль режиссерінің қолтаңбасымен танысады. Режиссер қуыршақты қай бағытта көргісі келеді, оның мінез-құлқы, образы қандай, соны түсіндіреді. Мысалы, қойылым мазмұны драма бағыты немесе балаларға арналған көңілді шығарма болуы мүмкін. Осы жағын әбден зерделеп болған соң, қуыршақ кейіпкерді жасауға кіріседі.

Әуелгі жұмыс эскизді қағазға түсіруден басталады. Эскиз бетіндегі қуыршақтың образы ермексазdan жасалады. Ол ауқымды форма болып есептеледі. Оған гипс құйылады. Ары қарай гипс қалыптың ішіне газет пен картон қиындылары жапсырылып, кейіпкер-қуыршақтың басы жасалады. Одан кейін ағаш, поролон, пластик сынды заттардан денесін жасауға кіріседі.

Қуыршақтың жалпы нобайы дайын болған соң, детальдау және механизация жұмысы басталады. Яғни шеберлер режиссер айтқан образға қарап, қуыршақтың эмоциясын білдіретін бөліктерін іске қосады. Ең көп уақыт қуыршақтың механизміне кетеді, ол оңай нәрсе емес. Қуыршақтың әр дене мүшесінің қозғалысын қамтамасыз ету үшін көзге көрінбейтін қыруар жұмыс істеледі. Шеберлер қуыршақты дайындап бергеннен кейін, тігін це-



хында оларға арнайы киім тігіледі. Онымен басқа мамандар айналысады. Әр жаңа образды жасау уақыт пен табандылықты талап етеді. Әрі шеберлер өзара үндестік тапқанда ғана қуыршақтар сәтті шығады.

«Маған қуыршақтардың бәрі ұнайды. Ағаштан, поролоннан, пенопласттан да, түрлі сымдардан желім, бояуларды пайдаланып жасай береміз. Біздің өзге театрлардан ерекшелігіміз, басты мақсатымыз – не нәрсені де сол күйінде қалыпдайтын балаларды қуанту. «Баланың аты – бала, оған қуыршақ болса болды емес пе» деп қарамаймыз, біз жасаған қуыршақ бейнесі, сөзсіз бала жүрегіне жол табуы керек. Тіпті, қуыршақтар да олардың тәрбиесіне оң ықпал ете алады», – дейді Болат Аманқұл.

«Ұр, тоқпақ!»

Мемлекеттік қуыршақ театрының ең бір артықшылығы – өзінің қуыршақ жасау, киім тігу цехы бар. Өкінішке орай, біздің елде қуыршақ жасау шеберлері оқытылмайды. Қазір театрда үш қуыршақ жасау шебері жұмыс істейді. Олар негізгі мамандығын қуыршақ жасау өнерімен байланыстырған, жүрек қалауымен ұзақ жылдар ізденіп, өзін-өзі дамытқан, шеберлігін шыңдаған шығармашыл жандар. Ең қызығы, бұл қуыршақ жасау шеберлеріне Алматы театрының ғана емес, өзге театрлардың да режиссерлері қолқа салады. Мысалы, сонау Анкара (Түркия) қуыршақ театры бірнеше рет осы алматылық мамандарға арнайы тапсырыс беріп, сахна қуыршақтарын жасатқан екен.

Қуыршақ жасауда ең алдымен оның бет-бейнесіне мән беріледі. Егер бет-жүзі тартымды болып, сәтті жасалса, сахнада әдемі көрінеді. Одан кейін қолына мән беріледі.

■ «Қазір бала біткен гаджетке жіпсіз байланды ғой. Көбін алақандай телефоннан басқа ештеңе қызықтырмайды. Бала тәрбиесіне әсер ететін қуыршақтар көп болса деймін. Театрдың, оның ішінде қуыршақтардың мақсаты – жеткіншектерге рухани азық сыйлап, бойына адами ізгі қасиеттерді сіңіру. Бір жылдары, дәлірек айтсам, сексенінші жылдардан бері қарай біздің театрда орысша спектакльдер жиі қойылған екен. Ал қазір өнер ұжымының репертуары жаңаланды. Қуыршақ театры ұлттық шығармаларды көбейтіп, арнайы қазақ тілінде жазылған пьесаларды сахналай бастады. Мысалы, ұлттық наным-сенімдер, салт-дәстүрлерден көрініс беріп, батырлық, батылдық, достық ұғымдарына түсінік беретін «Ер Төстік», «Ұр, тоқпақ!», «Қаңбақ шал» қойылымдары бүгінде үлкен-кіші көрермен тарапынан аса үлкен сұранысқа ие», – дейді Болат Аманқұл.

Қуыршақ жасау шеберінің айтуынша, талғампаз көрермендердің жүрегінен орын алған «Қуыршақ думан», «Қасқыр мен жеті лақ», «Үш торай», «Есте сақта, балақай!» қойылымдарына кейде билет табылмай қалатын сәттер де болады. Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов туралы спектакльде де кішкентай көрермендеріміз ұзақ қол соғатын көрінеді.

Иә, қуыршақ театры да – адамның, оның ішінде баланың танымын өсіретін рухани һәм мәдени өнер ордасы. Мәселен, жас көрермендерді мейірімділікке, қайырымдылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа жетелейтін «Буратиноның шым-шытырық оқиғасы», «Аладдиннің сиқырлы шамы», «Үйшік», «Көңілді қонжықтар», «Қызыл телпек», «Қаздар мен аққулар» қойылымдары әлі ескірген жоқ, өміршең туындылар.

НЕГЕ АУЗЫ-
МҰРНЫ ЖОҚ?

Ертеде ежелгі славян жерінде қуыршақтардың бет-аузы болмаған. Себебі, біреулер жансыз қуыршақты адамды дуалау, сиқырлау үшін пайдалануы мүмкін деп сескенген. Отбасын түрлі сәтсіздіктер мен ауру-сырқаудан қорғайды деген наным-сеніммен жасалатын да қуыршақтар болған. Үйдің ауасын, энергетикасын тазалау үшін жасалатын қуыршақтар әлі күнге бар.

КӨҢІЛДІ КӨТЕРЕТІН
КЕЙІПКЕРЛЕР

Театр сахнасында қолданылатын қуыршақтың түрі өте көп. Мәселен, саусаққа киілетін қуыршақ, яғни қолғап, тросты қуыршақ дейміз. Планшетті қуыршақты ірі планда актермен бірге көруге болады. Одан кейін марионетка және үлкен бойлы қуыршақтар болады.



ОЙЫН БАЛАСЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларға тұрқы 20–35 см қуыршақтар ыңғайлы. Бұл қуыршақтардың «сөйлей білуі» міндетті емес, өйткені олар үшін балалардың өздері сөйлейді. 1–4 жастағы сәбилерге шомылдыруға, құндақтауға, көрпемен орауға болатын киімі жоқ қуыршақ әперген жақсы дейді мамандар.

3 жасынан бастап олар ойыншық арбаны, жиһазды, ыдыстар және т.б. қолданады.

Қуыршақтар әртүрлі болуы тиіс, өйткені балалар олардың мінез-құлқын, көңілді, көңілсізін өзі айырып, ойын барысында әрқайсысына өзінше міндеттер жүктейді.



Суретті түсірген АСЛАН ҚАЖЕКЕ.



Н.ТИЛЕНДИЕВ – 100

«НҰРҒИСА ЖЫЛЫ» басталды

Қонаев қалалық мәдениет үйінде Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен композитор, дирижер, күйші, Қазақстанның Халық артисі Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай, «Нұрғиса жылының» салтанатты ашылуы өтті. Айтулы іс-шараға орай, Алматы қаласы музейлер бірлестігіне қарасты Нұрғиса Тілендиев мемориалды музейінің жылжымалы көрмесі ұйымдастырылып, 70-ке жуық экспонат қойылды.

«Нұрғиса жылының» ашылу рәсіміне Алматы қаласы мен Алматы облыстық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері, аудан, қала әкімдерінің орынбасарлары, аудандық, қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, аудандық, қалалық Мәдениет үйлерінің директорлары қатысты. Салтанатты кешті Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев ашып, қайта-

ланбас өнер иесінің ғасырлық тойы аясында қолға алынып жатқан жұмыстармен таныстырды. Келесі кезекте Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев сөз алып, Мемлекет басшысының ыстық ықыласты лебізін жеткізді.

Кеш барысында ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Мейрамбек Беспәев, Тамара Асар, Айгүл Қосано-

ва, Мәдина Сәдуақасова, қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Мирас пен Құралай, Гүлнұр Оразымбетова Нұрғиса Тілендиевтің әндерін нәшіне келтіре шырқады. Сондай-ақ, театр актері Еділ Рамазан мен Ақбота Рахат Нұрғиса Тілендиев өміріне арқау болған ақындардың жырын оқыса, «Нұрғиса өмірге келді» атты қойылым да шынайы шықты. Салтанатты кешке «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі, Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясы, «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблі өнерпаздары қатысып, композитордың шығармаларын орындады. Қазақ топырағында басталған «Нұрғиса жылы» қоңыр күзде Парижде қорытындыланатын болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Дінзухра ТІЛЕНДІ, Қазақ мемлекеттік академиялық «Отырар сазы» фольклорлы этнографиялық ансамбль жетекшісі:

МЕН ҮШІН ӘКЕМНІҢ БАРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚЫМБАТ

Кеш бойы өзімді әзер ұстап, толқып отырдым. Әкемнің барлық шығармалары мен үшін қымбат. Әрбірі маған таныс, бала күнімнен құлағымда қалды. Мен сол әуенмен өстім. Қазір әкемнің аманатын арқалап, салып кеткен дара жолымен келемін.



Данияр ӘЛИЕВ, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы:

НҰРҒИСА АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ АШЫЛАДЫ

Осынау мерейтой аясында облыс көлемінде өтілетін іс-шаралардың жоспары бекітілді. Республикалық, халықаралық деңгейдегі іс-шаралар өтетін болады. Қазіргі таңда ұлы композитордың туған жерінде үлкен Мәдениет сарайы бой көтеріп жатыр. Сәтін салса, сол мәдениет ордасына Нұрғиса Тілендиевтің есімі беріліп, ескерткіші ашылады. Сосын Пекинде үлкен мерекелік іс-шара өтеді. Бұл болмысы бір қалыпқа сыймайтын тұлғаға деген халқының құрметі.

ГАЛА-КОНЦЕРТ

ҒҰМЫРЫ ҰЗАҚ «ҒҰМЫРДАРИЯ»

Өзінің 25 жылдық тарихында «Ғұмырдария» шығармашылық орталығы талай таланттың танылуына себепкер болды. Сонау 2000 жылы алғаш рет балалар арасында байқау ұйымдастырылып, көрерменнің жүрегіне жол тапса, 2008 жылдан бастап республикалық деңгейге көтерілді. Еліміздің түкпір-түкпірінен Алматыға аттанған ата-аналар талантты балаларының тұсауын осы байқауда кескізіп, үлкен өнер әлеміне қадам басқан еді.

Содан бері де ширек ғасыр өтті. Өнерлі баланың дені танымал талантқа айналды. Мерейтой аясында Алматыдағы Алатау аудандық Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында бас қосқан өнерпаз балалар «НАУРЫЗ-ДУМАН» атты республикалық телевизиялық фестивалдің финалына қатысты.

Гала-концертке 600-ден астам талантты бала қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. «Ғұмырдария» шығармашылық орталығы ұйымдастырған іс-шара нағыз өнер мерекесіне айналды. Әсем сахна, әдемі әуенмен тербелді. Талантты балалар кезектесе өнер көрсетіп, ән мен күй, әдемі биден шашу шашты. Осылайша Алматы



аспанын әуенмен тербеді. «Бұлақ көрсен, көзін аш» демекші, осынау жылдар бойы байқау талай талантты танытты. Бұл жолы да талай жас жұлдыз танылды. Киелі сахнаға алғаш рет шыққандар да бар.

– Біздің басты мақсатымыз – жас та-

ланттарды анықтап, оларға бағыт беру. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, халқымыздың бай мұрасын жаңғырту. «Ғұмырдариядан» қанаттанған талай жас бүгінде театр актері, тележүргізуші болып жұмыс істеп жүр. Жалпы, біздің жобала-

рымызға барлығы 100 мыңнан астам адам қатысты, – дейді «Ғұмырдария» шығармашылық орталығының өкілі Жандос Ахметов.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**

Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтері:

ТАРИФТЕР БЕКІТІЛДІ

Биылғы 1 ақпаннан бастап бұрын бекітілген тарифтердің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты, Табиғи монополияны реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті 2025–2029 жылдарға арналған бес жылдық кезеңіне сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтерді бекітті.

Аталған департамент басшысы Әсел Бөденеева қала тұрғындары үшін осы өзекті мәселенің мән-жайын БАҚ өкілдеріне мәлім етті. Спикердің айтуынша, қала тұрғындары үшін сумен жабдықтаудың орташа тарифі текше метріне – 135,24 теңге (ҚҚС-сыз), су бұруда – 83,54 теңге (ҚҚС-сыз) құрайтынын айтты. Әлбетте, бұл тариф бұрынғы бекітілгенінен тиісінше 9,6 және 27,5 пайызға артық. Бұған қоса, 3-ке, 3-тен 5-ке дейін, 5-тен 10-ға дейін және 10 текше метрден астам суды тұтыну көлеміне байланысты да сараланған тарифтер бекітілді.

Тұрмыстық қажеттілікке сай, ресурстық ауызсуды қосымша пайдаланатын тұтыну мәдениеті жоқ жеке тұтынушылар бар. Осылайша тұтынушылардың көппәтерлі тұрғын үйде тұратыны, сондай-ақ есепке алу аспабы бары ескерілімек. Аталған санаттағы тұтынушылар тарифтің өзгеруін аса сезбейтін сияқты. Бұл жағдай жеке секторда тұратын тұтынушыларға көбірек әсер ететіні анық. Өйткені, олар



суды ваннаға, автокөлігін жууға, ауласына себуге, бау-бақшасын суаруға қосымша көбірек пайдаланады.

Ақшаны үнемдеу мақсатында тұтынушылар есепке алу аспабын орнатып, пәтер мен үйлерде нақты тұратындар санын нақтыланып, пысықталуы қажет. Тағы бір мәселе – нақты дерек беру. Тұтынушы есепке алу аспабының көрсеткішін беруге міндетті. Сонымен бірге, көрсеткішті алуда есепке алу аспабына қол жеткізуге міндетті. Бұл ретте төлем құжатында есептеуді үздіксіз ай сайын беру үшін есепке алу аспабының нақты көрсеткіші болмаған

ретте есептеу орташа тәуліктік шығыспен жүргізіледі.

Үш айда бір рет өнім беруші тұтынушының есепке алу аспабынан көрсеткішті алуының дұрыстығын тексерген кезде есептеу сомасын түзету орындалады. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін суық су есептегішінің көрсеткішін өздігінен жіберудің бірнеше әдісі бар. Сонымен қатар, қызметті жеткізушілердің құқығы бұзылған не дұрыс есептелмегені жөнінде дәлел болған жағдайда тұтынушы департаментке жүгінуге құқылы. Департамент өз кезегінде ден қою шарасын қолданады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсел БӨДЕНЕЕВА, Табиғи монополияны реттеу комитеті Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы:



СУ ТҰТЫНУ НОРМАСЫ ӨЗГЕРДІ

«Мұндай өзгеріске не әсер етті?» деген сауалға жауап бере кетелік. Біріншіден, су есептеу аспабынсыз тұтынушылар үшін төлемақы көлемін белгілеуге Алматы қаласы әкімінің 2024 жылғы қаулысымен бекітілген су тұтыну нормасының өзгеруі әсер етті. Мұнда орташа тұтыну нормасы 8,4-тен 15 текше метрге дейін ұлғайтылған-ды. Айта кетерлігі, жергілікті атқарушы органның су тұтынудың соңғы нормасы 1989 жылы бекітілген болатын. Шыны керек, 1 текше метрде 1000 литр су бар. Олай болса, осынша көлемді ауызсуға 151 теңге төлеу деген не тұрады? Дүкендегі бөтелкедегі 1 литр су бағасы – 232 теңге.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

«Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы қазақстандықтарға маңызды үндеу жасады. Ұйым өкілдері +870 кодымен басталатын телефон нөмірлерін пайдаланып, жасалатын алаяқтық әрекеттер туралы ескертті.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

«+870 кодымен байланыс Инмарсат спутниктік жүйесіне тиесілі және ол теңізде, әуеде және шалғай аймақтарда байланыс орнатуға арналған. Алайда, алаяқтар бұл кодты Қазақстанның телефон нөмірлеріне ұқсас болғандықтан, тұрғындарды алдау үшін белсенді түрде қолданып жатыр», – делінген мәлімдемеде.

Инмарсат спутниктік жүйесінде қолданылатын тағы бірнеше ұқсас кодтар бар:

- ▶ +870 — жалпы желіге кіру коды (SNAC);
- ▶ +871 — Атлант мұхитының шығысы (AOR-E);
- ▶ +872 — Тынық мұхит аймағы (POR);
- ▶ +873 — Үнді мұхиты аймағы (IOR);
- ▶ +874 — Атлант мұхитының батысы (AOR-W).



Нені білген жөн?

+870 коды — жалпы байланыс коды, бірақ бұл код арқылы қандай спутник қолданылғаны белгісіз. Сонымен қатар, SNAC терминалдарына қоңырау шалу мүмкіндігі жоқ.

- +870 және осыған ұқсас кодтары бар бейтаныс нөмірлерге қоңырау шалмаңыз!
- Жеке деректеріңізді, SMS кодтарын және банк карталарыңыз туралы ақпаратты ешкімге бермеңіз!
- Егер сізден код немесе басқа ақпарат сұралса, бұл – алаяқтықтың белгісі. Ешқандай ақпарат бермеңіз!

CODIPLAY

БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫ

150 мыңнан астам оқушы смартфон арқылы бағдарлама жасауды үйренуде

Білім беру платформасы 2021 жылы құрылған. Жоба қаламыздағы 117 мектепті қамтиды. Балалар бастауыштан-ақ «шлагбаум», «жол бағдаршамы» жобаларын жасап, өз еңбегінің нәтижесін интерактивті құрылғымен бақылауда. Бастама оқушы-

лардың цифрлық дағдысын тиімді дамытуға бағытталған. Бұл туралы CodiPlay компаниясының Қазақстандағы кеңсесінің директоры Алияр Кәдікенов Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз мәслихатында мәлім етті.

CodiPlay платформасында оқитын алматылық оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейі айтарлықтай жоғары. «Балалар цифрлық ортаға тез бейімделіп, платформаның интерфейсін оңай меңгеріп, бағдарламаға қызығушылық танытады. CodiPlay: логика мен алгоритм негізінен бастап, жеке жобаны жасауға дейін оқытудың қадамдық жүйесін ұсынады», – дейді А.Кәдікенов.

CodiPlay мемлекеттік қызметтермен жұмыс жөніндегі департаментінің директоры Нұрғали Тұрымбетов атап өткендей, жобаның басты мақсаты – IT-мамандарын ғана даярлау емес. Негізгі міндет – балаларды цифрландыру дәуіріне бейімдеу. Бүгінде цифрлық дағды өмірдің ажырамас бөлігіне айналууда. Программалау – логикалық және креативті ойлауды, мәселені шешу мен технологиямен жұмыс істеу қабілетін дамытатын құрал.

«Алматы оқушыларының программалауға деген қызығушылығы жоғары және әртүрлі. Біреуге бұл өз

идеясын жүзеге асыру мүмкіндігі. Мысалы, ойын не анимация жасау – цифрлық әлемнің қалай жұмыс істейтінін тереңірек түсінудің жолы», – деді Н.Тұрымбетов.

Қазақстан Президенті аманаттаған «жыл сайын 1000-нан жоғары деңгейлі IT-маман даярлау» міндеті аясында CodiPlay сияқты EdTech жобасының дамуы ерекше маңызға ие. Компания өкілінің пікірінше, білім беру – технология нарығындағы бәсекелестік шешімнің сапасын арттыруға ықпал ету.

Білім беру өнімі неғұрлым көп болса, бәсекелестік те соғұрлым жоғары. Бұл өз кезегінде ең мықты әрі сапалы шешімдердің өміршеңдігін қамтамасыз етпек. CodiPlay сапалы контент пен тиімді оқыту әдісін әзірлеуге басымдық береді. Жоба оқушыларға IT-негізін үйретіп қана қоймай, оларды цифрлық әлемде табысты мансапқа дайындауға көмектесуде.

Бетті әзірлеген Айнабай Мәди



СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ – 210

АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АҚТАҢГЕРІ

дүлдүл тұлға дәріптелді



Алматының А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханасында айтыс өнерінің ақтаңгері Сүйінбай Аронұлының туғанына 210 жыл толуына орай әдеби-сазды кеш өтті. Оған жас оқырмандармен бірге, Жетісу өңірінен шыққан белгілі тұлғалар қатысты.

Нұржамал
Әліш

Сүйінбай Аронұлы – Майтөбе жайлауында (Алматы облысы) кедей отбасында дүниеге келген. Шешеден ерте айырылған. Балалық шағы жоқтықпен өткен деседі. Ол өзін өзі жасаған дарын иесі. Жамбыл бабамыздың оның талантының алдында басын иіп, «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай!» деп, ұлы

өнерпазды пір тұтқанын тарихтан білеміз.

Сүйінбай Аронұлы XIX ғасырдың ақыны, даңқы Алатаудан асып, бүкіл қазақ даласына жеткен.

Бір өзі бір ғасырдың жоғын жоқтап, мұңын мұңдап өткен өнерпаз. Ол толғау, арнау, айтыстарында қазақ батырларының ерлігін, өмір, бақ, дәулет, адамгершілік сынды құндылықтарды, адамның өмір кезеңдерін жырлаған. Оған «Тезек төремен айтысы», «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы», Қарасай мен

Қараш, Жабай батырлар туралы толғаулары, Сұраншы, Саурық, Өтеген жайындағы жырлары толық дәлел болады.

Кеш қонақтары – Мәдениет саласының үздігі, күйші-композитор Дүйсебай Шаштайұлы, дәстүрлі әнші, Мәдениет саласының үздігі Мақпал Қазыбекқызы, Мәдениет қайраткері Ержан Әлімбетов және Халықаралық байқаулардың лауреаты Біржан Бәзілжан ән-жырдан шашу шашып, танымдық кешке рухани әр берді.

МЕЙМАН МІНБЕРІ

Ақан ӘБДУӘЛИ,
Жамбыл атындағы
Қазақ мемлекеттік академиялық
филармония директоры:

Он екі жасымнан
әлі ұмытқан жоқпын

«Сүйінбай мен Қатағанның айтысын» 12 жасымда жаттаған екенмін. Атамыздың сол жырын жаттап, жанға сіңіріп айтып келе жатқаным қырық жылға жуықтап қалыпты. Бүгінгі кешке балалардың көптеп жиналғаны, ғибратты әңгімелерге ұйып, құлақ түріп, кеуделеріне құйып отырғаны қуантады мені. Махамбет «Хан емессің, қасқырсың, Қара албасты басқырсың!» дейді Жәңгір ханның алдында қасқайып тұрып. Ал Сүйінбай бабаларың Тезек төреге: «Хан емессің, күйіксің, Қалың елді айдап жеп, Теріңе зорға сиыпсың, Ұры-қары залымның, Жаныңа бәрін жиыпсың... Дүниені жұтса тоймайтын, Түпсіз жатқан ұйықсың...» дейді. Міне, осылай қалың елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, сөз сайысында батырлық рухы, қайсар мінезі жыр болып төгілген ата-бабаларымыз өткен өмірден. Біз сол бабалардың құнын, қадірін, қасиетін білуіміз керек. Ұрпақ елді, жерді, ұлтты сүюі үшін осындай ата-бабаларымыздың жырымен, әнімен, әдебиетімен, мәдениетімен суындатқан абзал.



Габит САДЫРБАЕВ,
Сүйінбай Аронұлының шөпшегі,
Сәулетшілер одағының
президенті:

Бабалар ізін
балалар өшірмейді

Мен – сәулетшімін. Шығармашылық қасиет қанымызда бар болғасын, біз де өнерден алыс кетпедік. Алматының биік те еңселі талай ғимаратына еңбегіміз сіңді. Сүйінбай атамыздың өлеңдерін, жыр-толғауларын бізге әкеміз бала күнімізден жаттатып өсірді.

Үйімізге Нұрғиса ағамыз (Тілендиев), Мұқағали ағамыз (Мақатаев) жиі келетін. Ол кісілердің қолына су құйып жүріп, тағылымды әңгімелерін естідік. Талай батасын алдық. Бабалар ұлағаты кейінгі ұрпаққа аманат қой. Өз дәуірінде жырларымен халықты ауызбіршілікке, тұтастыққа шақырып, ерлікті, батырлықты жырлап кеткен Сүйінбай бабамыздың 200 жылдығына орай 2015 жылы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының алдына еңселі ескерткіш орнаттық. Бұл – ұрпақ үшін керек құндылық.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ

ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қазақ әдебиетінің тағы бір жарық жұлдызы ағып түсті. Қазақ драматургиясының арнасын кеңейткен, әлем әдебиетіне үлес қосқан классик жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қабырғалы қаламгер Дулат Исабеков ағамыз өмірден озды.

Көңілде қимастық бар. Әркез Алматының ардақты ақсақалдарының басын қосқан алқалы жиындарымыздың төрінде бір өзі бір төбе болып отыратын аузы дуалы ағамыздың әр сөзі уәлі болатын.

Дулат Исабеков – ұлағатты ғұмырын ұлт әдебиетіне арнаған жарқын тұлға. Барлық оралымды ойын сырлы сөзбен өрнектеп өткен ағамыздың жазған прозалық шығармалары әлем тілдеріне аударылды, көркем фильмдерге айналды, пьеса жүгін көтеріп, театр сахналарында сыр шертті. Осындай өміршең туындылары бірнеше буынды тәрбиеледі. Демек, жазушының қуатты қаламынан төгілген сөз маржандары жыл өткен сайын жарқырай түсері анық. Әдеби мол мұрасы ұрпаққа әлі де қызмет етері, уақытпен үндесе берері сөзсіз.

Көрнекті жазушының дүниеден өтуіне байланысты жолдаған көңіл айту жеделхатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, «Дулат Исабекұлы ұлағатты ғұмырын ұлт әдебиетіне арнаған, тағылымды туындыларымен оқырман санасына шамшырақ бола білген нағыз дегдар тұлға еді. Халқымыздың рухани әлемін байытуда, ұлттық прозамыздың көкжиегін кеңейтуде аянбай тер төгіп, өнегелі өмір сүрді. Қуатты қаламынан туған сүбелі шығармалары, драмалық еңбектері әлем сахналарын бағындырып, дүние жүзіне киелі сөз өнерімізді дәріптеді. Соңына әдеби мол мұра қалдырған Дулат Исабекұлының жарқын бейнесі мен ардақты есімі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады».

Ұлт әдебиетінің жарқын тұлғасына айналған, қазақ әдебиеті мен рухания-



ты әлемінде өзіндік өрнегі қалған қаламгердің отбасына, туған-туысына және барша қазақ еліне көңіл айтамыз. Аяулы ағамыздың жаны жәннатта, има-

ны саламат болсын, пейіште рухы шалқысын дейміз.

«ALATAU AQPARAT»
медиахолдингінің ұжымы.



ЕҢБЕК АДАМЫ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Ұлағатты ұстаз Өрік Иманғожина туралы бір үзік сыр

Елімізде әділетті қоғам құру бағытында ауқымды саяси-әлеуметтік, экономикалық реформалар қарқынды жүргізілуде. Бүгінде білім, ғылым, денсаулық, тұрмыс сапасы, мәдениет, тарих, әдебиет сынды құндылықтарымызды қадір-қасиетімен дамыту үздіксіз, жан-жақты жүріп жатқанына куәміз.

Солардың ішінде білім беру ісінде заман талабына орай жаңашылдықтар көп – ұлттық болмысымыздың сапасын көтеру қызметінде мыңдаған ұстаздарымыз мен педагог-ғалымдарымыз білімнің бүгінге дейінгі оң мұраларын жаңашылдықтармен үйлестіре еңбек етуде. Осы қатардың алдыңғы легіндегі педагог-ғалымдарымыздың бірі – Өрік Иманғожинаның да ұлтқа қызметі ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұрпаққа білім беру – ұлтқа қызмет ету. Ұстаз – ұлы есім» деп тұжырымдағандай, осынау ұлы есімнің иелері кімдер десе, мен ең алдымен Өрік Зайнуллақызын атар едім. Оның педагогикалық еңбек жолы – бастауыш мектеп мұғалімінен басталып, аудандық әдіскер-инспектор, облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары, мектеп директоры, ҚР Білім және ғылым министрлігінің орта білім беру басқармасы бастығының орынбасары,



Оқулықтық әдебиетті мониторингілеу орталығының басшысы, республикалық «Оқулық» ғылыми-әдістемелік орталық директорының орынбасары, колледж директоры, ЖОО оқу-әдістемелік бөлімінің төрайымы, университет проректоры және ректоры, «Қазақстанның ғалым әйелдері» қоғамдық бірліктің вице-президенті лауазымдарына жалғасты. Осы ұстаздық еңбек жолының өзі-ақ Өрік Зайнуллақызының ұлылыққа лайық педагог екенін айғақтап тұр деп ойлаймын.

Кейіпкеріміздің ғылыми жолы да толассыз өрлеумен ерекшеленеді. «Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушыларды

кәсіби бағдарлау әдістемесі» деген тақырыпта педагогика ғылымының кандидаты дәрежесін алған ол межелеген жаңашылдығын күні бүгінге дейін жалғастыруда. Бұл бағдарын «Жаңа ақпараттық педагогикалық технологияларды жасау және оқу-әдістемелік әдебиеттің сапасын диагностикалау» деп аталатын зерттеулер кешенінде одан әрі дамытып, барлығы 150-дей еңбектерін жариялады. Білім беру кешенін жетілдіру аясындағы зерттеулердің бел ортасында жүрді. Оқулық құрылымын сараптаудың негізгі көрсеткіштерін анықтап, функцияларын айқындады. Әлем елдерінің оқулықтарымен салыстырма сараптама жасалды. Халықаралық оқулықтардың оқушы тұлғасына бағытталу икемділігінің ақиқаттық сипаттары бағдарға алынды. Бұл мәселелердің қазақстандық оқулықтарға қатыстылығы бойынша ел Президентіне ұсыныстар берілді. Осы жұмыстардың барлығының басы-қасында Өрік Иманғожина жүрді. Оның 9, 11, 12-сыныптарға арналған «Русская словесность» оқулығы, «оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сапасын мониторингілеу» еңбегі, «Салауатты тамақтану мектебі» атты оқу құралы және тағы басқа да шығармашылық туындылары педагогикалық қауым тарапынан оң бағаға ие болды. Сала бойынша Отанымыздың игілігіне, ұрпақ болашағына жасаған еңбегі оң бағаларын алды, біреу біліп, біреу білмейтін

марапаттары өз алдына үлкен биіктік дер едім.

Білімді ұрпақ тәрбиелеу – әр ұстаздың ұлтқа мінсіз қызмет ету миссиясындағы ұлы міндеті. Бұл ретте Өрік Зейнуллақызы қазақ халқының қымбатты, асыл тұлғалық құндылықтарын өз еңбегі арқылы танытқан жан. Ол кісімен ұшырасқан адамның сөзіне жылу, жүзіне нұр дариды. Яғни кісімен қарым-қатынаста әдепті, инабатты сабырмен, кішіпейіл ұлылығымен танылған. Сөйте тұра, ұлт мүддесін барлық факторлардан жоғары қоятын принципшілдігі ерекше. Бүгінгі жетпіс бес жасында педагогикалық бай, озық тәжірибелерін жас ұрпаққа тәрбиелі білім беруде әлі де пайдалануға болатыны Өрік Зейнуллақызына күш-қуат береді деп сенемін, шығармашылық табысқа жете берсін деймін. «Тар адам таласып жүріп тозады, кең адам кеңесіп жүріп озады» деген халық мақалының даналығы тұрғысынан айтсам, ұлағатты ұстаздың адал пейілі, абыройлы еңбегі мен өзінің әр ісін елмен кеңесіп атқаратын кеңдігі кейінгі педагог жастарымызға тағылым болар үлгі-өнеге дер едім.

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері,
«Алтын жұлдыз» және «Отан»
орденінің иегері, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері.

МӘДЕНИЕТ

«АҢЫЗ ДАУЫС ИЕСІ»

атты кездесу кеші өтті

Алматы Мемлекеттік архивінде өткен бұл мәдени-рухани іс-шара Қазақ радиосының ардагер дикторы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сауық Жақанованың 80 жылдық мерейтойына арналды.



Нұрлан
СҮЙІН

Жарты ғасырға жуық уақыт Қазақ радиосының үні болған, «эфирдің Ақбаяны» атанған Сауық Мәсіғұтқызы Жақанова Алматы қаласы Мемлекеттік ахивының №330 қор иегері. Бұған дейін шаһардағы Ұлттық кітапханада мерейжас иесі құрметіне арналған «Сахара сандуғашы» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Кітаптың құрастырушы-авторлары Таңсұлу Алдабергенқызы, Жазира Амантай.

Кешті Сауық апайдың шәкірті, Қазақ радиосының редакторы Гүлмира Нәлібай жүргізді. Музей залының бір мүйісі мерейтой иесіне арналып, архивтік суреттер қойылған.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы Мемлекеттік архивінің директоры Абзал Ботанов Сауық апайды мерейтойымен құттықтап, гүл шоғын ұсынды.

Бұдан соң мерейтой иесін ҚР Білім беру ісінің үздігі «Алтын арқау» мәдени-этнографиялық бірлестігі төрайымы Ғалия Қайдауылқызы, тележурналист, спорт комментаторы Күлмәрия Барманбекова, әнші, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Слушаш Нұрмағамбетова, С.Жақанованың шәкірті, радиожурналист Жазира Амантайқызы т.б. құттықтады.

Іс-шарада «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншілері, Абай атындағы Қазақ ҰПУ студенті Інжу Садақбаева мерейтой иесіне ән арнады. Кеш аясында Сауық Жақанова өзінің естеліктерімен де бөлісті: *«Бірде әкем үйге радио алып келді. Алғаш тыңдаған кезде аузым ашылды да қалды. Радиодан «Ғалия-Бану» деген татардың киссасы бойынша жасалған радио-инсценировка берді. Жігіттің рөлінде Суат Әбусейітов, қыздың рөлін Зәмзәгүл Шәріпова дыбыстаған екен сонда. Керемет сезімде болдым. Өнерге, радиоға деген құштарлық содан басталған болар...»,* – дейді мерейтой иесі.

КЕҢЕС



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІРЛІК БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

«Достық үйінде» Алматы қаласы Қазақстан халқы
Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті

Кеңеске Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, ҚХА мүшелері, қоғам белсенділері және т.б. қатысты.

Жиында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының этномәдени бірлестіктерден орынбасарларын бекіту, сондай-ақ «Алғыс айту» күнін ұйымдастыру және өткізу қарастырылды. Айта кетейік, биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 1995–2025 жылдар аралығын қоса есептегенде 30 жыл толады. Алда мерейлі мереке аталып өтпек.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алексей ЦЕХОВОЙ,
ҚХА мүшесі, техника ғылымының докторы,
профессор, академик:

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ТАЛАЙ ТАРИХТЫҢ КУӘСІ

«Алғыс айту» күні қарсаңында, ҚХА 30 жылдық мерейтойы аясында бірқатар игі іс-шаралар легі өтеді. Біздің әкей сонау Беларусь жерінен құт-мекен – Қазақ даласына келіп қоныстанған. Міне, сондан бері өсіп-өніп, қазақтар біздің әулеттің қыздарын алып, құдандалы болып отырған жайымыз бар. Қазақ топырағынан тұңғыш ғарышқа «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарышкер сегіз қат көке ұшты. Ұлы дала елі талай тарихтың куәсі болды. Еуразия кеңістігінде өркениет пен мәдениеттің ошағына айналып келеді. Сондықтан Қазақстан қаншама ұлт пен ұлысты бауырына басқан алтын діңгек, қасиетті Отанымыз деп санаймыз. Мейрамнан мейрамға бейбіт күн кешіп жете берейік.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156,20 (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ALMATY TECH CUP – 2025

Орталық Азиядағы ең ауқымды турнир

Мегаполисте 3000–нан астам жас инженердің басын біріктірген инженерия және робототехника чемпионаты өтті. Алматыда қала әкімінің кубогына арналған оқушылар арасында кезекті инженерия және робототехника чемпионаты ұйымдастырылды. Almaty Tech Cup – бұл Орталық Азиядағы ең ауқымды турнир. Чемпионат 2014 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт ішінде қатысушы командалар саны 20–дан 300–ге дейін артқан.



Досбол
АТАЖАН

Биыл чемпионат робототехника, инженерия және дрон жарыстарын қамтыды. Дрон жарыстары бірнеше сайысқа бөлінді, олар: Aspan Cyber Race, Aspan Drone Competition, Aspan Whoop Race және Aspan Drone Race. Одан бөлек, турнир қатысушылары робототехника бойынша 4 жас санатында жарысқа түсті: 4–6 жас, 6–12 жас, 12–16 жас және 16–18 жас аралығы. Жалпы жарысқа қыркүйек айынан бастап іріктеуден өткен үздік 300 команда келді.

Almaty Tech Cup чемпионатына 3 мыңнан астам оқушы қатысып жатыр. Олар әлемнің 7 мемлекетінен келген. Онда көрші мемлекеттерден бөлек Түркия және Үндістаннан келген командалар бар. Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Сайран Сафеденов атап өткендей, «биылғы жарыстың тақырыбы – dive, яғни мұхит пен суасты әлеміне арналған. Басты талап – құрастырып әкелген

робот не жобаның адам мен табиғатқа пайдасы болуы керек. Турнирде жеңіске жеткен команда еліміздің үздік университеттерінен білім гранттарына да ие болады. Екіншіден, сәуір айында АҚШ-та өтетін әлемдік жарысқа жолдама алады».



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асылбек МЫРЗАХМЕТОВ,
Қазақстан құрамасының робототехника бойынша жаттықтырушысы:

РОБОТОТЕХНИКА қарқынды дамып келеді

Биыл қатысушы командалар саны 300-ден асса, бүкіл Қазақстан бойынша 1 мыңнан астам команда бар. Робототехника бойынша іріктеу жарыстарына 20 мыңға жуық бала қатысты. Жалпы, елімізде робототехника саласы қарқынды дамып келеді, бәсеке жоғары. Сондықтан ел құрамасы әлемдік жарыстарда жоғары жетістіктерге жетіп жүр. Мысалы, Қазақстан құрамасы 3 дүркін әлем чемпионы болды. Мұндай нәтижеге елімізде жарыстардың көп өтуі, балалардың робототехникамен көптеп айналысуы әсер еткені сөзсіз. Бірақ оны одан сайын көбейту қажет. Республикалық жарыстардың тек ірі қалаларда емес, еліміздің барлық өңірлерінде өткені жөн.

Жалпы робототехника – тек инженерлерді не өнертапқыштарды дайындайтын алаң емес. Мұнда бала жан-жақты дамиды. Мысалы, жоғары сыныптардың командаларында 15 балаға дейін болады. Команданың ішінде инженер де, маркетинг та, менеджер де бар. Яғни олар өздерінше кішкене бір компания десек те болар. Командалық жұмыс арқылы әр бала өзінің орнын табады. Осылайша өзіне жақын мамандықты анықтайды не жаңа қызығушылық туындайды.

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедек жандарды әлеуметтік қолдау орталығы 2025 жылдың ақпан айынан бастап өз жұмысын жалғастыруда. Қызмет мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстарды өткізуге бағытталған. **Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А. Телефон: +7 (727) 378-88-04. Instagram: tenqogam.almaly.2025**



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

МИХАИЛ ШАЙДОРОВ –

«Төрт құрлық» турнирінің чемпионы

20 жастағы алматылық мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров жақында ғана Харбиндегі Азия ойындарында үшінші нәтиже көрсеткен еді. Енді міне, Сеулде «Төрт құрлық» турнирінде алдымен қысқа бағдарламаны, содан кейін ерікті бағдарламаны жеңіп алды. Сондай-ақ, ол өз өнерімен жарыстың шымылдығын жапты.



Алғаш рет жас жігіт алты жасында коньки тебе бастады. Мәнерлеп сырғанаудан республиканың бірнеше дүркін чемпионы атанған ол жаттығуды әкесі Станислав Шайдоровтың басшылығымен бастады. Содан кейін 2018 жылы Сочидегі жаңа жаттықтырушыға ауысады. Бүгінде ол Ресейден келген бірінші Олимпиада чемпионы Алексей Урмановтың қолтастында жаттығады. Шайдоров – Урманов тандемін қазір спорт сүйерқауым жақсы біледі. Алғашқы жетістік 2022 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында болды. Содан кейін қазақстандық күміс жүлдегер атанып, екі қойылымның нәтижесі бойынша америкалық Илья Малининнен жеңіліп қалды. Михаил бұған дейін екі жыл қатарынан «Төрт құрлық» турнирінде бесінші орынға тұрақтаған еді, 2024 жылы 6-орын нәтижесін көрсетті.

Сонымен қатар, ол ересектер арасындағы үш әлем чемпионатына қатысқан спортшы. Соңғы екеуінде Михаил планетаның үздік 14 спортшысының қатарына еніп, екі рет Гран-при жүлдегері атанды. Биылғы жыл жерлесіміз үшін сәтті бастал-

ғанын жанкүйер қауым жақсы біледі. Көптеген сарапшылар жақында Азия ойындарының жеңімпазы атанған Чхан Чжун Хванға артықшылық берген еді. Мұз иесінің деңгейінен асып түсу қиынның қиыны. Алайда, қазақстандық мәнерлеп сырғанаушыға музыканы қателесіп қою да кедергі болмады. Жарыста оның композициясы қойылмады. Қазылар алқасымен сөзге келуге тура келді. Оның музыкасы ойнаған кезде, ол өзінің бағдарламасын екі квадратты, соның ішінде квадрат лүцты (барлық коньки тебушілер орындауға батылы жетпейтін күрделі секіру) орындай отырып, мінсіз орындады. Сонымен қатар, ерекше аксель және басқа да компоненттер орындалды. Бұл оның жоғары баға жинауына мүмкіндік берді. Михаил Шайдоровтың мансабындағы алғашқы ірі жеңіс. Айтпақшы, осыдан тура 10 жыл бұрын дәл осы аренада тағы бір алматылық Денис Тен жеңімпаз атанған еді. Өзіне дейінгі спортшының осындай жетістігін еске алған Михаил турнир алдында: «Денис әлемге Қазақстанда мәнерлеп сырғанау бар екенін паш етті. Енді менің де жер жаһанға бұл туралы жариялауыма мүмкіндік бар» деген еді.

Михаил Қазақстанда жаңа чемпиондар өсіп келе жатқанын тағы бір дәлелдеді.

Әділ ЫБРАЙЫМҰЛЫ.

ФУТБОЛ

СУПЕРКУБОК «ҚАЙРАТТА»!

Алматылық футбол клубы «Ақтөбені» 2:0 есебімен жеңіп, маусым алдындағы маңызды кубокқа ие болды

Ойынның алғашқы сәтінен-ақ алматылықтар допқа иелік етуде табандылық танытты, Жоао Паулу допты ақтөбеліктер қақпасына бағыттап, Элдер Сантана екеуі қарсыластар қорғанысына тыным бермеді. Бірінші таймда Георги Зария ерекшеленуі мүмкін еді. Оның соққысын румындық қақпашы Андрей Влад шеберлікпен қайтара білді.

Алматылықтардың қорғанысына жауапты Егор Сорокин мен Александр Мартынович өткен маусымдағыдай сенімді ойнады. Ал ойынның соңғы мезетінде «Қайраттың» жаңа қақпашысы – «Астанадан» келген Александр Заруцкий бір-екі рет өзінің шеберлігін көрсетті. Сондай-ақ, жартылай қорғаушылар – Валерий Громыко, Офри Арад, Юг Станович және тағы басқа да ойыншылардың ойын өрнегі жанкүйер көңілінен шыққанын айта кеткен жөн.

«Ақтөбе» құрамындағы «кезбе» форвард Еркебұлан Сейдахметті ерекше атап өтуге болады. Ол алдыңғы бес жыл алматылықтардың құрамында ойнаған еді. Бұдан өзге, Бағдат Қайыров, Әлібек Қасым, Әділхан Таңжарықов, Лев Скворцов (ҚР Ұлттық құрамасының барлық ойыншылары екенін ескерген жөн) бар. Саңлақ ойыншы Идрис Умаевты да айналып өтуге болмас, Сейдахмет екеуі стандартты ойын көрсетті.

Екінші тайм «Қайраттың» шабуылымен басталды. Шабуылдаушы тараптың әрекеті оң нәтижесін берді. Элдер Сантана



өзінің филиграндық техникасын қолданып, нысанаға дәл соқты. Қақпашы оның соққысына қарсы тұра алмады. Өкінішке орай, қайраттық Еркін Топалов қызыл карточка алып қалып, алматылықтар алаңда он ойыншымен қалды. Осылайша «Ақтөбе» үшін сәтті шақ туып, олар біраз уақыт басымдыққа ие болды. Бірақ алаңға жас дарын Дастан Сәтбаев шыққан соң (ол Георгий Зарияны алмастырды) ойын

қайтадан ақтөбеліктер алаңына қарай ойысты. 16 жастағы футболшы екі рет қақпашыны өзінің «соққыларына» қарсы тұруға мәжбүр етті. Тыным таппай, шабуылда да, қорғаныста да сенімді әрекет етті. Қарсы шабуылдардың бірінде Сантаның тағы да допты иемденіп, қақпаға бағыттауы – Дастанның еңбегі. Элдер допты іліп әкетіп, ашық тұрған Валерий Громыкоға филиграндық пас берді. Ол

допты шеберлікпен қақпаның қорғаусыз қалған бұрышына жіберді. Тартысты ойын 2:0 есебімен аяқталып, алматылықтардың пайдасына шешілді.

Алдағы сенбіде республика чемпионаты басталады. «Қайрат» үшін бірінші тур сынақ болғалы тұр. Ол елордада жергілікті «Астанамен» кездеседі.

Тасжүрек АНДАСОВ.